

өнімді аффикстер көп те емес. Осы тұлғалардан басқалары тек қана құранды, күрделі түрде кездеседі. Және ондай құрандылардың алдыңғы компоненті әрқашан тікелей етістік түбірге жалғана алатын аффикстер де соңғы компоненті тек есімдерге жалғана алатын аффикстер. Сонда сөз құрамының мағыналық және морфологиялық мынадай дамуы болған: етістік (түбір) + аффикс (қимыл есімі зат есім) (+аффикс) сын есім). Ондай аффикстердің көбі-ақ қазіргі тілдің нормасы тұрғысынан да дербес қолданыла алатын компоненттерге бөлінеді (мысалы: -мақ:(қимыл есімі), - сақ (сын есім) [2, 197].

Сын есімдердің жасалуындағы осы ерекшеліктер, негізінен күрделі сын есімдер құрамында да көп өзгеріссіз қайталады.

Адъективацияланатын тіркестердің негізгі түрлері мынадай: соңғы компоненті есімше тұлғалы етістік: қанішер, қаныпезер, ашық райлы етістік: қырып сал, алып қаш (мұның алып қашпа дейтін варианты да бар), етек басты, бала басты (әйел), күн қақты, ат соқты (бұлардың құрамындағы – лы аффиксінің варианты болмаса керек). Кейде бірыңғай мәнде айтылған (бірыңғай баяндауыш ыңғайында жұмсалған) етістіктер тіркесі де адъективацияланып, бірігіп кетеді: ұрдажық (ұр да жық). Зат есім мен зат есім, сын есім мен зат есім тіркесі де адъективацияланады. Әдетте, мұндай тіркестердің бірінші компоненті екінші компоненттің метафорасы, эпитеті болып ұғынылады: тас бауыр, су жүрек (осының дұрысы зу жүрек емес пе екен?), без бүйрек, желаяқ, өркөкірек, тоңмойын, арамтамақ, ақкөңіл, кең пейіл, ала көңіл, кам көңіл, ақ жүрек, боз кеуде, ашкөз, ашық қол(адам), шоқпар бас т.б. Зат есім мен зат есім тіркестерінің компоненттері грамматикалық дербестігін сақтағанмен, лексикалық бүтін болып ұғынылып, күрделі сынды білдіреді. Мұндай тіркестер түгелдей адъективацияланады. Алдыңғы компонентті сын есімдерден жасалған тіркестердің соңғы – зат есім компоненті алдыңғы компоненттің мағынасына ұласады. Есімдерден құралған, бірінші компоненті екінші компоненттің субъектісі, ал екінші компонент оның предикаты сияқты ұғынылатын, предикативтік қатынасты білдіретін тіркестер де бүтіндей адъективацияланып, күрделі сын есімдерге айналады. Мысалы: басы бос (әйел), алды кең (кісі), қолы бос (кісі), қолы ашық, жүзі жылы (мұның жылы жүзді дейтін варианты бар), түсі жылы (кейде заттанып, түсі жылыдан түңілме түрінде де кездеседі), қарны тоқ, қарны аш, тілі майда, көзі ашық, көңілі ояу, жүзі сынық, т.б. Бұлардың қайсысы да бастауыш, баяндауыш тіркесі болып құралған, қолданылу барысында адъективацияланып, сын есім мәніне ие болған.

Қорыта келгенде, негізгі және туынды сын есімдердің дамуында айтарлықтай ерекшеліктер жоқ. Байқап отырсақ, жоғарыда көне түркі, орта түркі жазбаларында қолданылған қосымшалар тілімізде негізінен сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 372 б.
- 2 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- 3 Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімнің категориясы. – Алматы: Мектеп, 1961. –197 б.
- 4 Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы: Мектеп, 1963. – 223 б.
- 5 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым. 1967. – 442 б.

Муратова Аяулым Оралқызы

«Bolashaq» академиясының 2-курс магистранты, Қарағанды қ.

ҰЛТТЫҚ ТІЛІМІЗДІҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ

Жер бетіндегі адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, тағы басқалай күрестері, сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан-ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Ана тілінің өміршеңдік қызметінің қуаты мен құдіреті негізінде жаңа ұрпақ ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып білуге бастау алады. Осы бастаулар кешенді тіл ғылымының

көкжиегінде ұлттық тілдің өң бойынан табылады. Осымен байланысты тіл табиғатының қырсыры өзге ғылым салаларымен (философия, мәдениеттану, антропология, психология, мифология, этнография т.б.) тығыз қарым-қатынастың негізінде танылып, зерделеніп отыр. Өйткені, ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың ғасырлар бойғы тарихымен, тұрмыс-салтымен, мәдениетімен, дәстүрлі менталитетімен тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да ұлттық тілді сол этностың дүниетанымымен, мәдениетімен, ой танымымен біріктіре қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану сияқты жаңа бағыттардың тууына себепші болды.

Қазіргі таңдағы ұлт тілдерін дамытуға және тануға жан-жақты мән беріліп отырған кезеңде тілді зерттеудің нақты үрдісі ұлттық ойлау жүйесіне тән ерекшеліктер мен заңдылықтардың тілдік деректері арқылы қарастыру бағытымен сипатталады. Тіл мен ойлаудың бірлігінің арнасында қарастырылатын сондай жекелеген өзекті мәселелердің бірі-тіл және оның дүниетанымдық қызметі. Осымен байланысты жеке ұлт тілі ретінде қазақ тілінің дүниетанымдық қызметінің қазақ тілінің негізінде қарастырылуының маңызы, оның ұлт мүддесі үшін қызметі, керісінше, ұлт дүниетанымындағы қасиеттердің, арнайы ұғымдардың ана тіліміздегі көрініс табуы да өз дәлелдері мен соның негізінде кейбір ерекшеліктерін, тілдік айналымдағы орнын көрсетіп беруді, осы сияқты сұрақтар ауқымын жан-жақты аша түсуді қажет етіп отырғандығы ақиқат.

Бұл ең алдымен ұлт тағдырын тілмен тығыз байланыста қарап, «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағида негізінде оларды өзара бірлікте қарау нәтижесінен туындап отырғандығы да шындық. Осы тұрғыдан әр тілдің өзіндік даму, қалыптасу ерекшеліктерінің көрсететін танымдық негіздерін ашуға бағытталған жұмыстардың маңызды болатындығы да түсінікті.

Осымен байланысты тілдің табиғатын ұлттың тарихымен, таным-түсінігімен байланыста тани түсудің қажеттілігінің мәнін тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінің де ұлттық танымға негізделген жаңа үрдісте зерттеулері көрсетіп отыр. Мұндай бағыттағы жұмыстардың жүргізілуі ұлттық болмыс пен тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына қатысты ерекшеліктерін сипаттап, сайып келгенде, тіл мен ұлттың тығыз бірлікте екендігін дәйектейді. Сондықтан қазақ тіл білімінде тіл мен ұлттың тығыз байланысын, тілдің дүниетанымдық негізін, біртұтастығын тілдің әр түрлі қырынан тарихи-мәдени тілдік деректер негізінде қарастырып, тілдік тұрғыдан кешендік сипатта саралаған жұмыстардың болашағы зор болмақ. Себебі, бұл бағыттағы зерттеу еңбектерінде ұлттық дүниетанымды беретін тілдік құралдардың түрлері, терең тамырлы ұлт рухымен сабақтас тетіктері ашып көрсетіліп, осымен байланысты тарихи шығармалардың негізгі арқауын ұстап тұратын көркем мәтіндердегі ұлт дүниетанымын білдіретін тілдің қызметін көрсету, анықтау өзекті мәселелердің қатарында саналады. Тіл – ойды жарыққа шығаратын негізгі құрал. Тіл мен ой біртұтас ұғымдар. Әрқайсысы тіл білімі мен логика сияқты өз алдына жеке ғылым салаларының объектісі бола тұрса да, бірінің қызметі екіншісіне тәуелді категориялар болып табылады. Тілдің ойды жарыққа шығарып жеткізу қызметі сол ойдың қабылдаушы тарапынан қабылдау тетіктері арқылы жүзеге асады. Мұның негізінде тіл де өзінің қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретінде негізгі қызметін атқара алады. Тіл білімінде тіл мен ойлаудың біртұтастығы жөніндегі бұл сияқты тұжырым бірнеше кезеңдер, уақыттар үлесінде өз дәлелдемелерін көптеген ғылыми еңбектерден тауып, қазіргі таңда нақтыланған, орныққан тілдік заңдылыққа айналды. Осы орайда, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымдарының сабақтастығын тіл мен мәдениет сабақтастығының көрінісі деп анықтауға болады.

Әлемдік лингвистикалық ой-тұжырымдарда этнос тілінің ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстылығы, ұлт мәдениетінің сол этностың тілінде сақталып, дамып, болашақ ұрпаққа жеткізілетіндігі туралы идея атақты ғалым В. фон Гумбольдтың: «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көркініс табады» деген белгілі концепциясынан бастау алады [1,32].

Осыған сәйкес Ф. де Соссюр, Э.Сепир, А.Потебня, Ю.М.Лотман еңбектерінде, қазақ тіл біліміндегі Қ.Жұбанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, А.Сейсенова, А.Сейілхан т.б. еңбектерінде «тіл мен мәдениет» сабақтастығына ерекше назар аударылған. Бұл бағыттағы зерттеулердің қазақстандық ғалымдардың назарынан тыс қалмағанын осыдан байқауға болады.

Осы бағыттағы еңбектерге көркем мәтін тілін талдаған Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Б.Шалабай, Б.Момынова, С.Ғұбайдуллин, К.Еңсебаева, Б.Мұратбек т.б. зерттеулері негіз болған.

Алайда, қазақ тіл білімінде осы тұжырымның аясындағы мәселелер өз деңгейінде қазақ тілінің деректері негізінде жан-жақты зерттелді деп айта алмаймыз. Осы орайда тіл мен ойдың бірлігі тілді зерттеудің жаңа бағыттары негізінде нақты тілдік деректермен дәйектеліп, сондай-ақ, тіл мен ой байланысының аясына қатысты қолданыстың тілдік ерекшеліктерді қарастыруды қажет етіп отырғандығы сөзсіз.

Кез келген тіл өзіндік жасалу жолдары бар жүйелі сөзжасам жүйесінен тұратын тіліміздегі басқа лексикалық қолданыстағы сөздер қабаты сияқты дүниетанымдық лексиканың да өзіндік жасалу жолдары бар. Бұл ұлт тілінің мүмкіндігіне, екінші жағынан, жазушы шығармаларының тіліндегі сөз қолданудағы жазушының шеберлігіне байланысты туындаған тәсілдер болып келеді. Сондықтан дүниетанымдық лексиканың жасалу жолдарын белгілі жазушы Төлен Әбдіков шығармаларынан алынған мысалдармен нақтылай отырып, өз алдына бөлек талдап көрсетуді жөн санадық. Бұл тұрғыдан, жазушының өзіне ғана тән сөз қолдану тәсілдері, сол арқылы ұлт дүниетанымын, болмысын берудегі шеберлігін ашып көрсетуді де негізге алдық. Сондықтан жалпыұлттық тілдегі аталған сөздер қабатының жасалу жолдары мен жазушының өзіне тән қолданыстардың табиғатын өзара салыстыра отырып талдап, ара жігін ашып көрсетуге ұмтылдық. Сол арқылы тілдің дүниетанымдық лексика жасаудағы мүмкіндігіне барынша тоқталып өтуді мақсат еттік. Жазушы шығармаларында жиі кездесетін дүниетанымдық лексика қатарын түбір сөздер құрайды. Алайда, бұл арада түбір сөздердің барлығын дүниетанымдық лексика қатарына жатқыза бермейтіндігіміз белгілі. Өйткені, жазушы қолданысындағы кез келген түбір сөз осындай ұлт танымына қатысты сөздер бола бермейді. Олардың өз реті, қолданыста айқындалатын ұлтқа, ұлт тіршілігіне қатысты өз мағынасы бар екендігі айқын. Жазушы шығармаларында қазақ баласының туып-өскен жерге деген сезімі ұлттық болмыспен ашылған. Мысалы: «Туған жерің, мейлі көкмайса болсын, мейлі кезерген шөлейт болсын, бәрібір көркем де, ал балалық шағың мейлі рақатпен өтсін, мейлі азаппен өтсін, бәрібір де балдан тәтті емес пе. Жаз бойы Қоңыраулы өзенінің жағасында бие байлап, қымыз ашытатын он шақты киіз үй менің көз алдымда әрқашан әсем, көрікті күйінде елестейді. Солардың күнге күйіп, қоңырайып кеткен көне туырлықтары да, түтінге ысталған түндіктері де, жел сокса сартылдап, сабалап тұратын үзік баулары да көңіліме алабөтен ыстық. Мен көкжиектен шашырап, күн көтеріле бастағанда-ақ шөпшілердің кешкі салқыннан аши қоймаған саумал қымыздың екі-үш кесесін сіміріп салып, өгізге жайдақ мінетінінен бастап, бұл ауылдың қашаған құлындарын қалай ұстап, желіге байлайтынын, жылқы қайырып жүрген балаға кемпірлерінің не деп ұрсатынын, тіпті сәскеде самаурынның трубасынан шұбатылған көкшулан, ащы түтіннің желсіз тымықта қайтіп көтерілетінін, түскі аңызакта көл жақтан қандай иістер келетінін, ақырында бақташылардың кешкі айғайы мен шыбыртқылардың сартылын, жұмыстан қайтқан шөпшілердің дабырлаған дауыстарын – бәрін қалдырмай башайлап суреттеп бере алар едім. Өйткені бұлардың барлығы менің балалық шағымда көріп, біліп өскен белгілі өмір ғой. Көзімді жұмсам болды, осылар тізбектеліп, сол бұрынғы ап-айқын, түсінікті қалпында алдыма келеді» [2, 129].

Автор шығармаларында ұлттық дүниетаным ата-ана, үй іші тіршілігі арқылы дәл берілген. Мысалы, «Есімде, біздің үй соғыс басталған жазда Ақсуатта отырды. Біздің үй деп отырғаным – жездемнің үйі ғой. Өзім тақыр жетіммін. «Әкең атқа мінген, билік айтқан кісі.

Мәмбетейдің ішінде содан тәуірі болған жоқ. Бірақ не керек, кешегі аласапыранда бәрі кетті... Ал шешен болса, соның күйінен өлді» дейтін маған үлкендер. Бәлкім, солардың тәуірлігінен болар, әкеммен дәмдес болған адамдар мені көрген жерде жылыұшырап, мандайымнан сипап қалады. Бір кезде менің де өзгелердей ата-анам болғанын, болғанда анау-мынау емес, елге сыйлы, қадірлі, жақсы адамдар болғанын шын сезінгім келіп, әлгі кісілердің мүсіркеген сөздерін мәлііп, беріліп тыңдаушы ем...» [2,130]. Мұндайда, тіл мен ойдың, тіл мен танымның, тіл мен тіршіліктің, тіл мен салт-сананың бірлігін дәлелдеу үшін алдымен тілді, оның табиғатын тану қажеттілігі туындайды. Яғни, аталған бірліктерді немесе олардың әрқайсысын жекелей тани түсу үшін де, тіліне үңілуге тура келетіндігі өз-өзінен алдымыздан шығатын тіл біліміндегі өзекті мәселе болып табылады.

Соның негізінде ұлт болмысына, тарихына, салт-дәстүр, ұлттық санасына, тұрмыс-тіршілігіне т.б. өзіндік ерекшеліктеріне қатысты дүниелердің сыры ұлт тіліне байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Бұған мақаламыздың өн бойында келтірілген мысалдар тобы да дәлел бола алса керек. Нәтижесінде, ұлттың тілін тану – оның бар болмысы мен ұлттық дүниетанымы тығыз бірлікте екендігі жөніндегі тұжырымды нақтылай түстік. Қазақ тіл біліміндегі тілтаным мен дүниетаным ұғымдарының біртұтас ұғымдар екендігін осындай пікірлермен, нақты Т.Әбдіков сияқты ұлт болмысын, тарихын тәптіштеп суреттеп беруге ұмтылған жазушы шығармаларынан алынған мысалдармен дәлелдеп көрсетуге ұмтылдық. Яғни, тілтаным мен дүниетаным біртұтас ұғым. Жазушы шығармалары арқылы халық ұлт тілін, ұлт тілі арқылы ұлт болмысын, тарихын, тұрмыс-тіршілік, салт-санасын таниды. Соның бірден-бір құралы – ұлт тілі. Бұл – ұлт тілдерінің қай-қайсысының қарым-қатынас құралы болудан кейінгі маңызды қызметтерінің бірі деп ұққан жөн.

Тілтаным мен дүниетаным бірлігінен келіп шығатын келесі мәселе – дүниетанымның тілде берілу формалары арқылы көзге түспек. Сондықтан халықтың ауызекі сөйлеу тілінің, әртүрлі көркем әдебиет шығармаларындағы жанрларының, түрлерінің тілдері – ұлт дүниетанымын жеткізудегі, оны танудағы басты көздер екендігін атап өтіп, дәлел үшін мысалдар келтірдік. Осымен байланысты зерттеу барысының ең алдымен, ұлт табиғатын білдіретін ұлттың тілі екендігі жөніндегі тұжырымымызды дәлелдесе, екіншіден, тіліміздің өз алдына мүмкіндіктері мен қызметінің бар екендігіне мысал болып табылады. Яғни, ұлт тілін тани отырып, оның мүмкіндіктерін де анықтауға мүмкіндік болады.

Аталған түйіндермен ұштасып жататын, тіл мен танымның бірлігіне байланысты тағы бір мәселе – тілдің ұлт өкілінің ойлау дәрежесін бере алу, жеткізе алу қызметі. Тіл – ұлт мәдениетінің айнасы. Сондықтан тіл тек қатынас құралы ғана емес, ұлт мәдениетін таныту және мәдени қатынас жасаудың да негізгі көзі болып табылады. Бұл тіл біліміндегі мәдени аралық қатынас теориясының мәселелері тұрғысынан да тілдің негізгі қызметтерінің бірі болып саналады. Біздің де негізгі мақсатымыздың қатарына – қазақ тілінің осы қызметін, сол қызметті атқара алудағы мүмкіндігін Т.Әбдіков шығармаларының тілі негізінде ашып көрсету. Осы жағынан келгенде, Т.Әбдіковтің көркем мәтіндерінде қазақ ұлтының мәдени құндылықтары ұғындырылып, былайша айтқанда, мәдени қарым-қатынастың ұйтқысы бола алады. «Ұлт дүниетанымына қатысты лексика ұғымы мен көркем шығарма тілінің көркемдік жағы, көркемдік мән-маңызы бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас» деген түйінге қатысты мәселе – тілдік тұлға ұғымымен байланысты. Әсіресе, бұл орыс тіл білімінде біршама зерттелген. Айталық, белгілі орыс тілшісі, Ю. Н. Караулов еңбегінде тілдік тұлға мәселесі жөнінде: «XIX ғасыр аяғында пайда болған тірі тілдер мен диалектілерді зерттеуге деген ерекше қызығушылық бір жағынан қоғамдастықтың тарихи көзқарасқа, өлі тілдерге қызығушылықтың басымдылығына қарсылығы болса, екінші жағынан тілшілердің қалыптасқан және дамыған ұлттық санамен байланысты дамып келе жатқан қоғамдардың жаңа қажеттіктері мен мүддесіне деген жауабы болды», -деп көрсетеді. Демек, бұл бағыт орыс тіл білімінде XIX ғасырдың аяғында-ақ қолға алынып, тілдің қасиетін жан-жақты ашу мақсатындағы зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған. Олардың пікірінше, тілдік тұлға ұғымы кез келген ұлт тілінде шығарма жазатын жазушы шығармасының көркемдік мәнімен,

көркемдік ерекшелігімен байланысты. Ю.Н.Карауловтың бұл бағыттағы еңбегі орыс тілі материалдарының негізінде талданған.

Сондықтан тілдік тұлға тұрғысынан келгенде қазақы тілдің байлығы, сөз қолданысының ерекшелігі біршама жеткілікті Т.Әбдіков шығармаларын, оның шығармаларының тілін зерттеу орынды деп білеміз. Мысалы: Басқа рудың шашау шыққан малын конпескілеп қана қоймай, жанында сіңіріп кеткісі келіп, жаланып отырған қазақ аз емес [2,167] деген сөйлемді алып қарасақ, сөйлемнің өн бойынан қазақ тіршілігіне тән түсінік аңғарылады. Бір ғана осы сөйлемнің өзінен ру, шашау шыққан мал, малын емес, жанын да сіңіру, жаланып отырған қазақ секілді сөздер мен сөз тіркестерінің әрқайсысы белгілі бір деңгейде жазушыға тән шеберлік негізінде жасалып, үйлесімді қолданылып, жазушы шеберлігін ғана емес, ұлт тілінің мүмкіндігін айқындап тұр. Әрі қарастырып отырған сөйлемнің өн бойы тіркестердің нәтижесінде көркемдік жағынан шығарма тіліне лайық болып тұр. Олай болмағанда жұтаң сөйлемдер көркем шығарманың тіліндегі көркемдікті қалыптастыра алмаған, оқырман не тыңдаушы тарапынан шығарманың өз бағасын алуына, оқырманның шығармадан өзіндік белгілі бір әсер алуына ұйтқы бола алмаған болар еді. Ал мұндай сөйлемдердің Төлен Әбдіков шығармаларынан қаншамасын келтіруге болатыны белгілі. Дүниетанымдық ұлттық лексикаға байланысты екендігінің бір ерекшелігі – олардың көркем шығарма тілінің көркемдігі сол ұлт тіліндегі лексикалық байланысты барынша және орынды қолданудың негізінде ғана көркемдік талапқа сай, әсерлі болуы көркем шығарманың тілінен алынған нақты мысалдармен дәлелденеді. Осы тұрғыдан келгенде, дүниетанымдық лексика көркемдік мәнді ажарлап тұратын ұлттың ойлау ерекшелігін жеткізетін көркем тілдік элемент ретінде анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М. «Прогресс», 2000. – 400 с.
2. Әбдіқұлы Т. Әке. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Қайнар», 2005.

Оразхан Айкенже

«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру
бағдарламасының 4-курс студенті
aikenzheorazkhan@gmail.com

Ғылыми жетекші:

Абрахманов Рүстем Хасенұлы

*«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының доценті, п.ғ.м.*

АУДАРМА ҮДЕРІСІНДЕГІ КӨПТІК ТҮЛҒА МЕН КӨПТІК МАҒЫНА МӘСЕЛЕСІ

Мақалада қазақ тілінің көптік жалғау мәселесіне қатысты бірқатар ерекшеліктері айтылып, қазіргі уақытта аударма үдерісінде жіберілетін қателіктерге талдау жасалған.

Тірек сөздер: аударма, калька, көптік тұлға, көптік мағына, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсіл, лексика-грамматикалық норма.

Қазіргі таңда елімізде аударма үдерісінің басым бөлігі ресми тілден мемлекеттік тілге жүреді. Орыс тілінің әсерінен ана тіліміздің заңдылығын бұзып жазып жүргеніміз өкінішті. Мәселе тіпті тіл заңдылығын бұзу емес, оны мүлде байқамауымызда, қате деп санамауымызда. Соның әсерінен тіліміз өзінің әуезділігін, тазалығын жоғалтып, құрдымға кетіп бара жатқандай. Қазақ тілінде тұлғасы сақталмай айтылып та, жазылып та жүрген категориялардың бірі – көптік категориясы. Тілімізде көптік категориясы – лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсіл арқылы беріледі. Алайда көптік мағына лексикалық және